«ЖҚҰО» ЖШС ЖҰМЫСКЕРЛЕРІНЕ АРНАЛҒАН ЖАДНАМА

Сыйлықтар

Сыйлықты қабылдауға бола ма және ол тапсырылып қойса не істеу керек

Сыйлықтың рұқсат етілген құны жоқ. Тыйым сомасына қарамастан қолданылады.

Қабылдауға болмайды

- лауазымдық міндеттерін орындауға байланысты сыйлықтарды, ақша қаражатын, сыйақыларды, қызметтерді және жеңілдіктерді (Іскерлік әдеп кодексі, 6.3-тармақ);
- шешімдерге әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін, беделге тәуекел туғызатын немесе тақырыбы мен құны тұрғысынан негізделмеген сыйлықтарды (Саясат, 4.2.2-тармақ);
- ақшаны, бағалы қағаздарды, бағалы металдарды, олардың баламаларын және сәнді заттарды (Саясат, 4.2.2-тармақ);
- ЖҚҰО жасайтын сатып алулардың ықтимал қатысушыларынан кез келген сыйлықтар мен қонақжайлылық белгілерін (Саясат, 4.2.3-тармақ).

Егер сізге сыйлық ұсынылса

- Сыпайы түрде бас тартыңыз және ЖҚҰО қағидалары бұған тыйым салатынын түсіндіріңіз.
- Күмәндансаңыз — қабылдамаңыз және басшыдан немесе комплаенс-офицерден алдын ала сұраңыз.

Егер сыйлық тапсырылып қойса

- Лауазымды тұлға тыйымды бұза отырып алынған немесе өзі хабардар етілмей келіп түскен сыйлықты күнтізбелік жеті күн ішінде мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органға береді («Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң, 12-баптың 6-тармағы).
- Комплаенс-офицерге хабарлаңыз — ол тәртібін түсіндіреді.

«2 АЕК» туралы

- Бұл рұқсат етілген сома емес. Бұрын жасалған заңды әрекеттер үшін алдын ала уағдаластық болмаған кезде бірінші рет алынған 2 АЕК-ке дейінгі сыйлық қылмыс болып табылмайды, бірақ әкімшілік немесе тәртіптік жауаптылыққа әкеп соғады (ҚК, 366-бап, ескерту).

Комплаенс-офицер: Уваев Е.С.
Бейбітшілік к-сі, 9, № 262 кабинет · Жедел желі: compliance@atmc.kz · Бланкілер — atmc.kz сайтындағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс» бөлімінде және MetaDoc жүйесінде